

Элективті пәндер каталогы

7M01 - Педагогикалық ғылымдар

(Білім беру саласының жіктелуі және коды)

7M012 - Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы

(Даярлау бағытының жіктелуі және коды)

0112

(Халықаралық стандарттық білім беру жіктеуішіндегі код)

M002 - Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу

(Білім беру бағдарламасы тобының жіктелуі және коды)

7M01201 - Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу

(Білім беру бағдарламасының коды және атауы)

Магистр

(дайындық деңгейі)

Оқуға түскен жылы 2023 жыл

Әзірленді

БББ академиялық комитеті
АК жетекшісі Тлемисов У.Б.
БББ менеджері Жилгильдинова М.Ж

ҚАРАСТЫРЫЛДЫ

Гуманитарлық- экономикалық факультетінің сапасын
қамтамасыз ету жөніндегі комиссия отырысында
Университеттің Ғылыми кеңесінде бекітуге ұсынылды
Хаттама № 4а " 05 " сәуір . 2023 ж.
Комиссия Төрағасы Ш. Ш. Абишева

БЕКІТІЛДІ

Университеттің Академиялық кеңесінің отырысында
2023 жылғы " 21 " сәуірдегі № 5 хаттама
Төрағасы Академиялық кеңесінің Оралканова И.А.

Білім беру тарихындағы тәрбие мақсатының генезисі

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	1
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пәнді оқу барысында білім алушы білімнің пайда болуының тарихи алғышарттары туралы түсінік алады. Пәннің мазмұнында білім беру жүйесінің пайда болу тарихында балаларды тәрбиелеу және дамыту іс-әрекетінде зерттеу жасаған ұлы педагогтардың жинақтаған білімдерімен танысады. Баланы дамытуға тұқым қуалаушылық пен оқыту мен тәрбиенің қаншалықты әсері болатыны туралы мәліметтер дәлелдермен беріледі. Сонымен, баланы оқытып тәрбиелеудің маңыздылығын түсініп білім алушы кәсіби құзыретті болып шығады.

Пәнді оқыту мақсаты

магистранттардың әлемдік тарихи-педагогикалық процесті, оның даму заңдылықтарын ежелгі дәуірден біздің дәуірімізге дейінгі нақты тарихи формаларда әртүрлі халықтарда тәрбие, білім беру және оқыту теориясы мен практикасының бірлігінде игеруі болып табылады. Курстың мазмұны ұлттық мәдениеттер мен тәжірибенің өзара кірігуі мен өзара байытылуының объективті үрдістерін анықтауға бағытталған әлем халықтарының тәрбиесі.

Оқыту нәтижелері

ON2 Кәсіби дағдылар мен біліктері кеңейту үшін кәсіби іс – әрекетінде әлемдік тәжірибе білімін қолдану.

ON3 Ақпаратты басқару дағдылары мен іскерліктерін және мектепке дейінгі педагогика әдіснамасы саласынан білімді меңгеру, зерттеу мәдениетін үнемі жетілдіруге ұмтылу.

ON4 Мақсат қою саласындағы білімді, мектепке дейінгі білім беру жүйесінде ғылыми-зерттеу іс-әрекетін ұйымдастыру мен іске асыруда тұтас педагогикалық процесті жобалау біліктері мен дағдыларын көрсету.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

1. Мектепке дейінгі білім беру жүйесінің пайда болу тарихы туралы түсінік болады.

2. Зерттеу жасаған Ұлы педагогтардың жинақтаған білімдерімен танысады.

3. Тұқым қуалаушылық пен оқыту мен тәрбиенің маңыздылығы жайлы білім алады.

Пререквизиттер

Бакалавриат

Постреквизиттер

Педагогикалық практика

Білім берудегі инновациялық үрдістер

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	1
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Педагогикалық білім беру жүйесінде инновациялық үрдісті үйрену білім алушылар педагогикалық технологияларды пайдалану арқылы оқу материалдарын жаңа бағытағы әдістермен игереді. Сонымен бірге оқытудың бір жүйелікпен үздіксіз жүргізілуінде ғана жоғары нәтижелерге жетуге болатының түсінеді. Оқу - тәрбие үрдісінде пәнаралық байланыстарды қолдану үшін инновациялық технологияларын игереді. Болашақ педагог білім берудегі технологиялық үрдістерді меңгеруде өзін-өзі дамытады және біліктілігін қалыптастырады.

Пәнді оқыту мақсаты

магистранттарда білім берудегі инновациялық процестердің мәні мен сипаттамасы туралы білім мен түсініктерді қалыптастыру.

Оқыту нәтижелері

ON7 Ғылым жетістіктері мен озық педагогикалық тәжірибені ескере отырып, құзыреттілік тәсіл негізінде тұтас педагогикалық процесс құрылымында кәсіби міндеттерді шешудің әртүрлі нұсқаларын көрсету.

ON8 Іргелі зерттеулер мен ғылыми-практикалық инновациялық құралдарды қолдана отырып, педагогикалық пәндерді оқытудағы заманауи инновациялық технологиялар жүйесін талдау.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

1. Білім алушылар педагогикалық технологияларды пайдалану арқылы оқу материалдары мен әдістерді үйренеді

2. Пәнаралық байланыстарды қолдану үшін инновациялық технологияларды қолданады.

3. Болашақ педагог білім беруде өзін-өзі дамытуды және біліктілігін қалыптастырады.

Пререквизиттер

Бакалавриат

Постреквизиттер

Педагогикалық практика

Қазіргі әлемдік мектепке дейінгі білім беру жүйесі

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	1
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Курс білім алушыларға әлемдік деңгейдегі тұжырымдамалар мен теорияларға талдау жасап, білімдерін тереңдетуге мүмкіндік береді. Әр елдің мектепке дейінгі білім беру жүйесі, негізгі бағыттары, құрылымы, мазмұны, ерекшеліктері, басқару жүйесі мен іс-тәжірибесі қарастырылады. Мектепке дейінгі білім беру жүйелерінің негізгі артықшылықтары мен мәселелері анықталып, сараланады. Сонымен қатар, мектепке дейінгі білім беру жүйесінің даму тенденциялары зерттеледі.

Пәнді оқыту мақсаты

қазіргі әлемдік жүйелерді ұйымдастыру туралы идеяларды қалыптастыру

Оқыту нәтижелері

ON2 Кәсіби дағдылар мен біліктері кеңейту үшін кәсіби іс – әрекетінде әлемдік тәжірибе білімін қолдану.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

1. Жоғары білімнен кейінгі білім алушылар кәсіби педагогикалық мәселелерді бірге бір жүйеде шешуге болатының түсінеді.
2. Білім алушы болашақ маман қазіргі әлемдік жүйесінің ерекшеліктерін ұғынады.
3. Мектепке дейінгі білім берудің қазіргі әлемдік жүйесінің құрылымдық мазмұндарымен танысады.

Пререквизиттер

Бакалавриат

Постреквизиттер

Педагогикалық практика

Қазіргі білім берудің аксиологиясы

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	1
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Курс білім алушыларды қазіргі білім берудегі аксиологияның дамуының негізгі кезеңдерімен таныстырады. Заманауи аксиологиялық тұжырымдамалардың түрлерін қарастырады. Философиялық мәтіндерді талдай білуді болжайды. Білім алушыларға гуманитарлық білімнің қазіргі проблемалық саласындағы аксиологиялық мәселелерді шешудің негізгі тәсілдеріне бағыт-бағдар береді. Білім алушылар аксиологияның терминологиялық аппаратын, сондай-ақ өзіндік сана призмасы арқылы өз ойын логикалық дұрыс және дәйекті баяндау дағдыларын меңгереді.

Пәнді оқыту мақсаты

магистранттардың кәсіби құзыреттілігін (жеке мәдениетін) қалыптастыру, олармен байланысты мәселелерді практикалық шешуге дайын болу

қоғам өмірінің аксиологиялық негіздерін қалыптастыру, магистранттар арасында қазіргі жастардың этикалық нормалары мен құндылық бағдарларын қалыптастыру процесі туралы жалпы түсінік қалыптастыру.

Оқыту нәтижелері

ON2 Кәсіби дағдылар мен біліктері кеңейту үшін кәсіби іс – әрекетінде әлемдік тәжірибе білімін қолдану.

ON3 Ақпаратты басқару дағдылары мен іскерліктерін және мектепке дейінгі педагогика әдіснамасы саласынан білімді меңгеру, зерттеу мәдениетін үнемі жетілдіруге ұмтылу.

ON7 Ғылым жетістіктері мен озық педагогикалық тәжірибені ескере отырып, құзыреттілік тәсіл негізінде тұтас педагогикалық процесс құрылымында кәсіби міндеттерді шешудің әртүрлі нұсқаларын көрсету.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

1. Құндылықтар теориясының пайда болу тарихын, оның философиялық, мәдени, социологиялық, педагогикалық, психологиялық-педагогикалық теориялармен байланысын тарихи процесс контекстінде білу;
2. Теориялық әдебиеттерді аксиологиялық аспектіде талдап, бағалай білу;
3. Оқу-тәрбие үрдісіндегі өзіндік құндылық ұстанымын анықтау;
4. Педагогикалық стратегияларды қолданудың тәуекелдері мен шектерін анықтаудың өзіндік тәсілдерін меңгеру.

Пререквизиттер

Бакалавриат

Постреквизиттер

Тағылымдамадан өту мен магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы I

Педагогикалық зерттеудің әдіснамасы мен әдістемесі

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	1
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

«Педагогикалық зерттеудің әдіснамасы мен әдістемесі» курсы педагогикалық зерттеулерді ұйымдастырудың кезеңдері мен әдістерін зерттейді. Білім беру процесіне қатысушылармен және әлеуметтік серіктестермен өзара әрекеттесуге дайындығын қарастырады. Пән білім алушылардың жаңа зерттеу әдістерін, кәсіби қызметтің жаңа бағыттарын өз бетінше меңгеру және қолдану қабілетіне бағытталған. Курс сонымен қатар ақпараттық ресурстарды таңдай білуге және маманның практикалық қызметін жүзеге асырудың теориялық және практикалық негізін қалыптастыруға бағытталған.

Пәнді оқыту мақсаты

білім алушылардың зерттеу қызметіне кәсіби қызығушылығын қалыптастыру; психологиялық- педагогикалық зерттеу жұмыстарын орындау заңдылықтарын, жолдарын игеру.

Оқыту нәтижелері

ON3 Ақпаратты басқару дағдылары мен іскерліктерін және мектепке дейінгі педагогика әдіснамасы саласынан білімді меңгеру, зерттеу мәдениетін үнемі жетілдіруге ұмтылу.

ON6 Ғылыми – педагогикалық іс – әрекетті әдістемелік қамтамасыздандыруды ұйымдастыру мен жоспарлауда ғылыми зерттеулер дағдыларын пайдалана отырып, мектепке дейінгі білім беру жүйесінде педагогикалық процесті жүзеге асыру.

ON9 Зерттеу мәселелерін шешу үшін басқарылатын процестің жағдайы мен мүмкіндіктерін зерттеу.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

1. Педагогика саласындағы заманауи зерттеу стратегияларының ерекшеліктерін білу;
2. Жеке ғылыми қызығушылықтарын жүзеге асыру стратегияларын анықтай алады;
3. Зерттеу іс-әрекетінің вариативті технологияларын меңгеру.

Пререквизиттер

Бакалавриат

Постреквизиттер

Тағылымдамадан өту мен магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы I

Ғылыми зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру және жоспарлау

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	1
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

«Ғылыми- зерттеу жұмысын ұйымдастыру және жоспарлау» курсы психологиялық- педагогикалық заңдылықтарды ғылыми тұрғыдан меңгеру. Білім алушылардың тәжірибелік- эксперименттік жұмысты орындауға дайындығын, эмпирикалық материалды жинақтау үшін психологиялық зерттеу әдістерін өз бетінше қолдануын ашады. Білім алушылар арасында ғылыми зерттеу мәдениетін дамытуға ықпал етеді. Пән психологиялық- педагогикалық білімдерді оқу әрекетінің әртүрлі түрлерінде қолдануға және психологиялық қолайлы даму ортасын құра білуге бағытталған.

Пәнді оқыту мақсаты

дербес ғылыми-зерттеу жұмысының білімі мен дағдыларын қалыптастыру және оның нәтижелерін ресімдеу.

Оқыту нәтижелері

ON4 Мақсат қою саласындағы білімді, мектепке дейінгі білім беру жүйесінде ғылыми-зерттеу іс-әрекетін ұйымдастыру мен іске асыруда тұтас педагогикалық процесті жобалау біліктері мен дағдыларын көрсету.

ON6 Ғылыми – педагогикалық іс – әрекетті әдістемелік қамтамасыздандыруды ұйымдастыру мен жоспарлауда ғылыми зерттеулер дағдыларын пайдалана отырып, мектепке дейінгі білім беру жүйесінде педагогикалық процесті жүзеге асыру.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

Ғылыми зерттеулердің мәні мен ұйымдастырылуын, олардың түрлерін, университетте ғылыми зерттеулерді ұйымдастыруды білу; және эксперименттік ғылыми зерттеулер, ғылыми зерттеулердің нәтижелерін тіркеу.

- мәліметтер жинауды ұйымдастыра білу; нәтижені ресімдеу, зерттеу жұмысының нәтижелерін ресімдеу және жоспарлау, презентация дайындау және өткізу.

- ғылыми зерттеу әдістемесін меңгеру.

Пререквизиттер

Бакалавриат

Постреквизиттер

Тағылымдамадан өту мен магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы I

Кросс-мәдени менеджменті

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	1
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Курста эксперименттік және кросс - мәдени зерттеулер психологиялық – педагогикалық зерттеулердің жаңа пәндік саласын қарастырады. Заманауи психологиялық - педагогикалық зерттеулердің кросс – мәдени менеджмент саласы бойынша маман дайындау әр түрлі мәдени және этникалық қауымдастықтағы адамдардың әрекеттесу мәселелерін жедел түрде қарастыратын мәдениетаралық коммуникация саласындағы жоғары білікті мамандарға деген қажеттіліктің артуына байланысты өте өзекті және перспективалы болып табылады.

Пәнді оқыту мақсаты

білім алушылар арасында сыртқы ортаның, мәдениаралық өзара әрекеттесудің, іскерлік мәдениеттің табиғаты, оның мәдениеттің негізгі тұрақтылары мен айнымалыларымен байланысы, оның басқарудың басым моделіне әсері туралы тұтас түсінік қалыптастыру; әр түрлі халықтардың экономикалық өмірі мен іскерлік мінез- құлқын ұйымдастырудағы айырмашылықтар туралы идеяларды дамыту, сонымен қатар көпұлтты компаниялардың, ұйымдардың, жобалардың персоналын басқарудың формалары мен әдістері.

Оқыту нәтижелері

ON4 Мақсат қою саласындағы білімді, мектепке дейінгі білім беру жүйесінде ғылыми-зерттеу іс-әрекетін ұйымдастыру мен іске асыруда тұтас педагогикалық процесті жобалау біліктері мен дағдыларын көрсету.

ON5 Білім беру саласындағы нормативтік және құқықтық, оқу-нұсқаулық, ағымдағы оқу-ұйымдастыру құжаттарын әзірлеу дағдылары мен іскерліктерін меңгеру (дидактикалық, бақылау-өлшеу).

Пән бойынша оқыту нәтижелері

1. Ересек адамның жетістігіне не әсер ететінін түсіне білу
2. Қажетті жағдайларға жету әдістерін жасау
3. Өзін-өзі тиімді жүзеге асыру бойынша ұсыныстар беру

Пререквизиттер

Бакалавриат

Постреквизиттер

Мектепке дейінгі білім беру жүйесінде педагогикалық жобалау үрдісі Мектепке дейінгі білім беруде құзыреттілік жағдайы

Жанартылған білім берудің технологиясы

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	1
Академиялық кредит саны	5

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Курста заманауи білім беру технологиясында білім алушыларға қолайлы жағдайларды қамтамасыз ету үшін нақты нәтижеге қол жеткізу мақсатымен білім беру процесінде жоспар құруды ұйымдастыру, бағдарлау мен түзету бойынша білім алушылар мен педагогтың бірлескен қызметінің процестік жүйесін қамтиды. Білім алу процесінде танымдық және шығармашылық белсенді жүзеге асыру үшін білім беру сапасын жоғарылатуға, оқушылардың репродуктивті белсенділігін төмендетуге мүмкіндік беретін білім беру технологиялары қолданылады.

Пәнді оқыту мақсаты

кәсіби педагогикалық іс-әрекеттің оқу міндеттерін шешу үшін теориялық және практикалық білімдерді, іскерліктер мен дағдыларды қалыптастыру; педагогикалық ғылымдар саласындағы, оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып, ғылыми-әдістемелік қызметтегі құзыреттерін жетілдіру

Оқыту нәтижелері

ON7 Ғылым жетістіктері мен озық педагогикалық тәжірибені ескере отырып, құзыреттілік тәсіл негізінде тұтас педагогикалық процесс құрылымында кәсіби міндеттерді шешудің әртүрлі нұсқаларын көрсету.

ON8 Іргелі зерттеулер мен ғылыми-практикалық инновациялық құралдарды қолдана отырып, педагогикалық пәндерді оқытудағы заманауи инновациялық технологиялар жүйесін талдау.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

1. Жанартылған білім берудің технологиясы бойынша теорияны және тәжірибені меңгереді.

2. Репродуктивтілік технологияны басқа мұғалімдердің көбейту, беру және қарызға алу мүмкіндігін білдіреді.

3. Көрсеткіштерді, нәтижелерді өлшеу құралдарын қамтитын диагностикалық процесстерді үйренеді.

Пререквизиттер

Бакалавриат

Постреквизиттер

Мектепке дейінгі білім беру жүйесінде педагогикалық жобалау үрдісі Мектепке дейінгі білім беруде құзыреттілік жағдайы

Білім берудегі инновациялық процестерді басқару

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	1
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пән педагогикалық жүйе ретінде білім берудегі мектепке дейінгі ұйымдарды инновациялық басқаруды ұйымдастырудың ерекшеліктерін қарастырады. Курс білім алушыларды басқарудың озық тәжірибесін зерттеу, жинақтау және тарату және психологиялық-педагогикалық ғылымдардың жетістіктерін практикаға енгізу проблемасымен таныстырады. Заманауи білім беру жүйесіндегі инновациялық үдерістерді басқару технологиясының әдістері мен тәсілдерінің мазмұнын ашады. Мазмұнымен, мақсатымен және міндеттерімен таныстырады. Педагогикалық технология мен педагогикалық дизайн ерекшеліктерін сипаттайды. Педагогикалық технологияларды меңгеру негізінде білім алушы инновациялық мүмкіндіктерді дамытуды меңгереді.

Пәнді оқыту мақсаты

мектепке дейінгі білім басқармасындағы инновациялық процестердің ерекшеліктері туралы түсінік қалыптастыру

Оқыту нәтижелері

ON2 Кәсіби дағдылар мен біліктері кеңейту үшін кәсіби іс – әрекетінде әлемдік тәжірибе білімін қолдану.

ON8 Іргелі зерттеулер мен ғылыми-практикалық инновациялық құралдарды қолдана отырып, педагогикалық пәндерді оқытудағы заманауи инновациялық технологиялар жүйесін талдау.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

Кәсіби дағдылар мен біліктері кеңейту үшін кәсіби іс – әрекетінде әлемдік тәжірибе білімін қолдану.

Іргелі зерттеулер мен ғылыми-практикалық инновациялық құралдарды қолдана отырып, педагогикалық пәндерді оқытудағы заманауи инновациялық технологиялар жүйесін талдау.

1. Білім алушылардың жоғары нәтижелерге қол жеткізуге деген ынтасын арттырады;

2. Білім алушының дағдылары мен дамыту динамикасын анықтауға мүмкіндік береді;

3. Квалиметриялық құзыреттілік негіздерін қалыптастыру үшін жағдай жасауға көмектеседі.

Пререквизиттер

Бакалавриат

Постреквизиттер

Мектепке дейінгі білім беру жүйесінде педагогикалық жобалау үрдісі Мектепке дейінгі білім беруде құзыреттілік жағдайы

Акмеология

Пән циклі	Бейіндеуші пәндер
Курс	1
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Курс жеке тұлға мен қоғамның дамуына қажетті жетістіктер туралы ғылым ретінде акмеологияның негіздері туралы идеяларды қалыптастыруға және дамытуға бағытталған, кәсіби дамудың дағдарыстары мен оларды жеңу факторлары ұсынылған. Курс нәтижесінде жеке және кәсіби өзін-өзі жүзеге асыру шарты ретінде адамның акмеологиялық дамуы туралы идея қалыптасады. Пән магистранттарда кәсіби-тілдік шеберлікті дамыту мәселелерін талдауға рефлексивті-акмеологиялық көзқарасты қалыптастыруға ықпал етеді.

Пәнді оқыту мақсаты

Магистранттерді акмеология ұғымымен адамның көп өлшемді жағдайы ретінде, АКМЕ дамуының құбылыстары туралы білім негіздерімен таныстыру.

Оқыту нәтижелері

ON2 Кәсіби дағдылар мен біліктері кеңейту үшін кәсіби іс – әрекетінде әлемдік тәжірибе білімін қолдану.

ON3 Ақпаратты басқару дағдылары мен іскерліктерін және мектепке дейінгі педагогика әдіснамасы саласынан білімді меңгеру, зерттеу мәдениетін үнемі жетілдіруге ұмтылу.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

1. Акмеологияның қалыптасу тарихы мен қазіргі жағдайын білу
2. Қазіргі кезеңдегі акмеологияның жағдайы мен динамикасын бағалауды жүргізу
3. Қазіргі кезеңдегі акмеологияның жағдайы мен динамикасы туралы ақпаратты жалпылау

Пререквизиттер

Жоғары мектептің педагогикасы

Постреквизиттер

Мектепке дейінгі білім беруде құзыреттілік жағдайы Жеке педагогикалық пәндерді оқытудың теориясы мен әдістемесі

Педагог жұмысындағы ақпараттық технология

Пән циклі	Бейіндеуші пәндер
Курс	1
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Курста оқытушының жұмысындағы ақпараттық технологиялар қарастырылады, магистранттар күрделі шешімдер қабылдауға, ақпаратпен жұмыс істеуге, мәселенің әртүрлі аспектілерін талдауға үйренеді. Оқу пәнінің мазмұнына сәйкес электрондық оқыту құралдарының жиынтығын жасау, электрондық оқыту құралдарын әзірлеу дағдылары қалыптасады. Магистрант педагогикалық жобалауды жүзеге асыруға және жеке білім беру бағыттарын құруға дайын болады.

Пәнді оқыту мақсаты

Педагогтардың ақпараттық құзіреттілігін жетілдіру, кәсіби әрекетінде бағдарламалық және жаңа технологияны қолдана білуге мақсатты түрде үйрену.

Оқыту нәтижелері

ON3 Ақпаратты басқару дағдылары мен іскерліктерін және мектепке дейінгі педагогика әдіснамасы саласынан білімді меңгеру, зерттеу мәдениетін үнемі жетілдіруге ұмтылу.

ON4 Мақсат қою саласындағы білімді, мектепке дейінгі білім беру жүйесінде ғылыми-зерттеу іс-әрекетін ұйымдастыру мен іске асыруда тұтас педагогикалық процесті жобалау біліктері мен дағдыларын көрсету.

ON8 Іргелі зерттеулер мен ғылыми- практикалық инновациялық құралдарды қолдана отырып, педагогикалық пәндерді оқытудағы заманауи инновациялық технологиялар жүйесін талдау.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

1. Оқытудың заманауи, инновациялық әдістерімен танысады және онымен жұмыс жасауды үйренеді.
2. Оқытудың ұйымдастырушылық және коммуникациялық компоненттеріне негізделген оқытудың нысандары мен әдістерін, ақпараттық технологияларын қолдануға машықтанады.
3. Техникалық құралдарды қолдана отырып қарым-қатынас орната отырып психологияға әсер етуін дамытады.

Пререквизиттер

Жоғары мектептің педагогикасы

Постреквизиттер

Мектепке дейінгі білім беруде құзыреттілік жағдайы Жеке педагогикалық пәндерді оқытудың теориясы мен әдістемесі

Кәсіби өзін-өзі тану және даму

Пән циклі	Бейіндеуші пәндер
Курс	1
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пәнді оқу барысында мұғалімнің кәсіби өзін-өзі тануы қалыптасады және өзіне және басқаларға құндылық қатынасын дамытады, курс өзінің ішкі әлемін түсінуге және педагогикалық кәсіби білім барысында өзінің даралығын түсінуге ықпал етеді. Педагогикалық кәсіптік таным барысында білім алушылар қарым-қатынас нысанында және білім алушының даралығы арқылы қалыптасатын дербес іс-әрекетке қабілетін меңгереді. Курс аяқталғаннан кейін магистранттар педагогикалық іс-әрекеттерді рефлексия, мақсат қою арқылы модельдей алады.

Пәнді оқыту мақсаты

жеке және әлеуметтік өмірдің гумандық мүмкіндік мағынасын ашу, өз бетімен өмірлік жолды таңдауда тұрақты мотивтерді қалыптастыру, интенсивті оқыту арқылы кәсіби өзін өзі бекітуге қол жеткізу.

Оқыту нәтижелері

ON2 Кәсіби дағдылар мен біліктері кеңейту үшін кәсіби іс – әрекетінде әлемдік тәжірибе білімін қолдану.

ON3 Ақпаратты басқару дағдылары мен іскерліктерін және мектепке дейінгі педагогика әдіснамасы саласынан білімді меңгеру, зерттеу мәдениетін үнемі жетілдіруге ұмтылу.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

1. Білім алушы болашақта педагогтің кәсіби өзін-өзі тануы мен дамуында белгілі бір себептертері түсінеді.
2. Педагогикалық кәсіби танылу барысында өзінің психологиялық ерешеліктерін біледі.
3. Болашақта өзінің күшті және әлсіз жақтарымен жұмыс жасауды ұғады.

Пререквизиттер

Жоғары мектептің педагогикасы

Постреквизиттер

Мектепке дейінгі білім беруде құзыреттілік жағдайы Жеке педагогикалық пәндерді оқытудың теориясы мен әдістемесі

Ғылыми-зерттеу жұмыстарындағы академиялық жазылым

Пән циклі	Бейіндеуші пәндер
Курс	1
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пәнді оқу ғылыми ойлауды дамытуға және зерттеу дағдыларын игеруге, академиялық мәтіндерді құру мен оның жұмыс істеуінің негізгі қағидаларымен танысуға ықпал етеді, білім алушылар әртүрлі әдістердің Тарихи түсіндірмелерін зерттеуді, талдауды, сондай-ақ жаңғыртуды үйренеді. Курс білім алушыларды түйіндеме, аңдатпа, ғылыми мақала, эссе, ғылыми баяндама, грантқа өтінім жазу тәсілдеріне дайындайды. Зерттеу әдістері мен стратегияларын таңдау қабілетін көрсетеді.

Пәнді оқыту мақсаты

негізгі принциптерді игеру және оқу және ғылыми-зерттеу жұмыстарының академиялық сипаттағы жазбаша мәтіндерін құрудағы практикалық дағдыларды меңгеру.

Оқыту нәтижелері

ON3 Ақпаратты басқару дағдылары мен іскерліктерін және мектепке дейінгі педагогика әдіснамасы саласынан білімді меңгеру, зерттеу мәдениетін үнемі жетілдіруге ұмтылу.

ON6 Ғылыми – педагогикалық іс – әрекетті әдістемелік қамтамасыздандыруды ұйымдастыру мен жоспарлауда ғылыми зерттеулер дағдыларын пайдалана отырып, мектепке дейінгі білім беру жүйесінде педагогикалық процесті жүзеге асыру.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

1. Білім беру мен ғылыми қызметте инновациялық технологияларды пайдалану бағытында жүріп жатқан тарихи зерттеу әдіснамасындағы үрдістерді атай және белгілей алады
2. Қазіргі әлемдегі тарихи ғылымның, атап айтқанда этникалық (аймақтық) тарихтың рөлін шешеді және анықтайды
3. Шағын мәтінмен, эссемен жұмыс істеу дағдыларын; өз көзқарасын білдіру; стандарттар негізінде мәтін құру дағдыларын; парафраз және дәйексөз алу дағдыларын; үйлесімді және логикалық реттелген мәтін құру дағдыларын; электрондық академиялық коммуникация дағдыларын көрсетеді

Пререквизиттер

Ғылыми зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру және жоспарлау

Постреквизиттер

Тағылымдамадан өту мен магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы I

Білім беру ұйымдарындағы ғылыми-практикалық негіздер

Пән циклі	Бейіндеуші пәндер
Курс	1
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пәнді оқу білім алушыларда әдіснамалық мәдениет элементтерін, оның ішінде зерттеу қызметіне практикалық тапсырмаларды орындау бойынша құзыреттерді қалыптастыру мен дамытуға бағытталған. заманауи стандарттар, ғылыми зерттеулердің нормативтері, қағидалары мен әдістерін; білім беру ұйымдарын даярлау саласындағы ғылыми жұмыстың ерекшеліктерін зерделейді. Магистранттарда ұйымдағы ғылыми зерттеулерді, зерттеу жұмысының әдіснамасын түсінуге жалпы ғылыми көзқарас қалыптастыру.

Пәнді оқыту мақсаты

білім беру ұйымдарында ғылыми зерттеулердің нәтижелерін ұсыну және өңдеу нәтижелерін таныстыру процесін кешенді және жүйелі түрде түсінуді қалыптастыру.

Оқыту нәтижелері

ON3 Ақпаратты басқару дағдылары мен іскерліктерін және мектепке дейінгі педагогика әдіснамасы саласынан білімді меңгеру, зерттеу мәдениетін үнемі жетілдіруге ұмтылу.

ON4 Мақсат қою саласындағы білімді, мектепке дейінгі білім беру жүйесінде ғылыми-зерттеу іс-әрекетін ұйымдастыру мен іске асыруда тұтас педагогикалық процесті жобалау біліктері мен дағдыларын көрсету.

ON6 Ғылыми – педагогикалық іс – әрекетті әдістемелік қамтамасыздандыруды ұйымдастыру мен жоспарлауда ғылыми зерттеулер дағдыларын пайдалана отырып, мектепке дейінгі білім беру жүйесінде педагогикалық процесті жүзеге асыру.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

1. Өзінің кәсіби және жеке даму міндеттерін жоспарлауға және шешуге қабілетті болу
2. Қазіргі заманғы ғылыми жетістіктерді сыни талдау және бағалау, зерттеу және практикалық міндеттерді шешу кезінде, оның ішінде пәнаралық салаларда жаңа идеяларды тудыру қабілетін әзірлеу, тұжырымдау
3. Ғылыми зерттеу мәдениетін меңгеруде, оның ішінде қазіргі заманғы ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып дағдыларын көрсетеді

Пререквизиттер

Ғылыми зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру және жоспарлау

Постреквизиттер

Тағылымдамадан өту мен магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы I

Білім сапасын басқару

Пән циклі	Бейіндеуші пәндер
Курс	1
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Курс сапалы бәсекеге қабілетті білім алуға бағытталған және табысқа жетудегі маңызды құрамдастардың бірі болып

табылады.

Макроэкономикалық процестерді тұрақтандыру мемлекетке білім беру саласындағы жаңа басымдықтарды тұжырымдауға мүмкіндік берді және бұл, ең алдымен, білім беру қызметінің сапасына деген көзқарас.

Пәнді меңгеру үшін психологиялық-педагогикалық бағыттағы бакалавр дәрежесінің ғылыми білімі қажет. Магистранттарға әдеби дереккөздермен жұмыс істеу, аннотациялау дағдылары, эксперименталды зерттеу жүргізу дағдылары қажет.

Пәнді оқыту мақсаты

Магистранттарды білім беру ұйымындағы басқару қызметінің сапасының негіздеріне ғылыми-практикалық дайындауды қамтамасыз ету.

Оқыту нәтижелері

ON3 Ақпаратты басқару дағдылары мен іскерліктерін және мектепке дейінгі педагогика әдіснамасы саласынан білімді меңгеру, зерттеу мәдениетін үнемі жетілдіруге ұмтылу.

